

ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ – ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Екіншіден, «бір дыбыс – бір әріп» қағидаты ұлттық әліпби жобасында толық сақталған, ал «бір дыбыс – бір әріп» қағидаты жетілдірілген әліпби жетістігі деп құрастырушылар қанша айтса да, бұл жетілдірілген әліпбиде осы қағидатқа қайшы келетін тұстар бар. Нақты айтсақ, төл сөздерде қосар *«үй, ій»* дыбыс тіркестерін бір *«і»* әрпімен, *«уу, үу»* дыбыс тіркестерін бір *«и»* әрпімен таңбалау ұсынылған. Ғалым пікіріне құлақ ассақ, бұл қазіргі кирилл жазуымыздағы басы артық, тіл табиғатына қайшы, керексіз ережелер екенін профессор Ә.Жүнісбек толық дәлелдегенін, сондықтан төл сөздерімізде сөз басында және дауыссыздардан кейін жазылып жүрген *«и, у»* әріптерін жуан, жіңішке буынды сөздерде *«үй, ій, үй, уу, үу»* дауысты-дауыссыз тіркесі түрінде жазу қажеттігі туралы шешуші сөзді академик Р.Сызықова айтты деп ойлаймыз («Қазақ әдебиеті», 14.09.2018 ж.).

Ұлттық әліпби жобасында Ақаңның ақ жолы бойынша бұл мәселеге нүкте қойылған. Тіл дыбыстары тілдің бұлжымас заңына сәйкес айтылса, таңбалануы да сол заңға сәйкес болмақ. Оқытушыға да, оқушыға да тіл таныту, тіл тану үрдістері жеңілдей түседі.

Шеттілдік сөздердегі *«и,у»* (сөз басында және дауыссыздан кейін) дыбыстарын *«үй, ій, үй, уу»* әріптерімен жазсақ, шұбалаңқылыққа ұшыраймыз деген уәждер айтылуда. Өзге тілден алынған сөздерде бұл дыбыстарды барлық жағдайда қос әріптермен жазу тіпті міндетті емес. Орыс тілінде (ал біз терминдерді осы тіл арқылы алып келдік) бұл әріптер (*и,у*) қос дыбыстарды емес, дара дауысты дыбыстарды таңбалайды. Сондықтан бұл дыбыс әріптерін қазақ тіліндегі ұқсас балама дауысты дыбыс әріптерімен берген дұрыс және бұл біздің жазу тарихымыз үшін жаңалық емес. Ертеректе тілімізге енген кірме сөздердің жазылымын қарайық. *«Бәтеңке (ботинка), керзі (гирза), тұрба (труба), орыс (русский), әртіс (артист), көрзеңке (корзина), кірпіш (кирпич), сот (суд), пұт (пуд), көшір (кучер), шенеунік (чиновник), көпес (купец), бөтелке (бутылка)* т.б.

Үшіншіден, ұлттық әліпби жобасында әріптердің



орналасуы мен төл дыбыстардың таңбалануы да тілдің басты заңы үндесімге негізделгендіктен әріптер мен арнайы белгілер буын таныту, сөз таныту қызметтерін атқарып тұр. Мысалы: жуан-жіңішке буын айтылымын білдіретін жұп дауыстылардың (*а-ә, о-ө, и-үй, 1-і*) қатар орналасуы тіл табиғатына тән. Жетілдірілген әліпби жобасында керісінше айтылым-жасалымы мүлдем бөлек дауысты дыбыс таңбасы мен дауыссыз дыбыс таңбасының қатар берілуі (*«1-і»* мен *«1-й»*, *«и-у»* мен *«ү-ұ, ү-ү»*) орналасуы сұрақ тудырады.

Төртіншіден, ұлттық әліпби жобасы қабылданған

түркі тілдес халықтарына ортақ әліпбиіне (1994) жақын болса, жетілдірілген әліпбиде жекелеген әріптерді таңбалауда керісінше алшақтық байқалып тұр. Ұлттық әліпби жобасында жұп дауыстылар (*11 – ы, 1і – і* және *Uu – ұ, Ü ü –ү*), сол сияқты сонар *«й, у»* дауыссыздары таңбасы да ортақ әліпби үлгісімен (*Үу – й, Ww –у*) берілген. Жетілдірілген әліпбиде тап осы таңбалар өзгеше берілген (дауыстылар жұптары: *Үу-ы, 11 – і, Ü ü –ү, Ü ü –ү* және сонарлар: *1і – й, Uu –у*).

Бесіншіден, әліпби құрамындағы әріптер санын да салыстыруға болады. Әліпбиде неғұрлым әріп аз болса,

ол соғұрлым жазуға жеңіл деген ұғым бар. Бұл жағынан да ұлттық әліпбидің артықшылығы анық.

Ең бастысы, Ә.Жүнісбек ұсынып отырған ұлттық әліпби жобасы ХХ ғасыр басында ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының төте жазу әліпбиі көрсеткен ақ жолды бүгін жалғастыратыны даусыз. Белгілі тілші-ғалымдардың (Е.Қажыбек, А.Салқынбай, Б.Қапалбек т.б) бұл жобаны қолдап отырғаны да сондықтан. Қоғам болып қолдай алсақ, бұл ұлттық әліпби тәуелсіз қазақ ұлтының ұлттық санасын да жаңа деңгейге көтеретіні, дүр сілкіндіретіні сөзсіз. Қазіргі қазақ қоғамына, әсіресе өзін қор, өзгені зор санайтын бодандық санадан ада жас ұрпағымызға «менің тілім ешбір тілден кем емес, әлемнің барлық тілдерінен қазақ тіліне қызмет етуге келген сөздерді мен өз тілімнің дыбыстарымен айта аламын және жаза аламын» деген сенім қажет. Бұл осы тәуекел қадамды жасасақ, жат тілдің ықпалынан тынысы тарыла бастаған қазақ тіліне өз заңымен өмір сүруге мүмкіндік берер едік.

Ал жетілдірілген әліпби қанша жетілсе де, таза тіл мен асыл емлеге бастау бола алмайтыны анық. Әліпби құрамында өзге тілдік әріптердің бір бөлігін алып қалып, тілге қиянат жасайтын жат тілдік ережені емлеге енгізіп отырсақ, бұл әліпби қалай ұлт тілін жарылқайды?

«Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» (ҚР Президенті Н.Назарбаев, 20.05.2020 ж., «Егемен Қазақстан») Бүгін тарих ұлт пен ұлт тіліне даму мен өркендеуге жаңа мүмкіндіктер беріп отырғанда тіліміздің ата заңына өріс беру арқылы ғана біз тілімізді табиғи таза қалпында сақтап қала алатынымыз анық. Әлі де кеш емес, «ұлт үшін деген ұлы істі» (А.Байтұрсынұлы) дұрыс жолға түсірейік, ағайын!

Болат ЖЕКСЕНҒАЛИЕВ,
*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Батыс Қазақстан облысы филиалының төрағасы,
Орал қаласы*



«ҮШ БӘЙТЕРЕКТІҢ» ТАҒЫЛЫМЫ

Ұлтымыздың әдеби-рухани және саяси өміріндегі шоқтығы биік, ел болашағы, ұрпақ қамы үшін әдебиет пен саяси өмірді қатар алып жүрген арыстарымыз аз емес. Солардың ішінде ұлт руханиятының ұстыны, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, «Үш бәйтерек» атанған қаламгерлер Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров және Бейімбет Майлиннің халқының азаттығы мен еркіндігі үшін жанын пидә еткенін білеміз. Жаңа заманға лайық әдебиеттің өміршеңдігі мен шынайылығы, оның әсемдік әлемі мен ұлттық, рухани құндылықтарымыздың ұлықталуы жолында жасаған көл-көсір еңбегін, ұрпақ санасын байытуы үшін атқарған қызметі мен қалдырған туындыларын әрбір ұрпақ жадында ұстауы керек.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің филология факультетіндегі «Көкжиек» ғылым-шығармашылық клубының ұйымдастыруымен 1937-38 жылдардағы саяси репрессия құрбандары, қазақтың арыстары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннің қиын-қыстау кезеңде өткен ғұмырын еске алу мақсатында «Үш бәйтерек» атты онлайн-шығармашылық кеш өтті.

Шара барысында С. Сейфуллин, І. Жансүгіров және Б. Майлин өмірі мен шығармашылығын терең зерделеуге арналған, көркемдік өрісі мен шығармашылық мұраты туралы зерттеулер негізінде байыпты, мазмұнды баяндамалар жасалып, тұщымды пікірлер айтылды. Қаламгерлердің туындыларының желісімен жасалған слайд-бейнематериалдар ұсынылып, өлең-поэмаларынан үзінді оқылып, өзіндік көзқарасқа негізделген пікір алмасулар түрлерімен өтті. Студенттердің қаламгерлердің шығармаларымен жете танысып қана қоймай, көркемдік құпиясының сырын ақтаруға тырысуы, жаңашыл ізденістерінің жаңа заманға, қоғамға лайықтылығы, өмір шындығын жырлаудағы өзіндік әдіс-тәсілдерін, қаламгерлік шешімдерін

жүйелеп тұжырымдауы кештің мазмұнын байыта түсті. Кеш қонақтары өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, арыстардың мұрасымен танысу барысында олардың әдебиет тарихындағы орнын айқындауға үлес қосқан Т. Кәкішев, С. Қирабаев, Т. Нұртазин, М. Дүйсенов, С. Ордалиев, Т.Бейісқұлов т.б. әдебиеттанушылардың еңбегімен қоса К. Ахмет, С. Байменше, М. Иманғазиев т.б. кейінгі буын зерттеушілерінің де тұлғаларды тануға қосқан үлесін білуге, үңілуге шақырды.

Сондай-ақ, онлайн форматтағы іс-шараға университеттегі қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясы, журналистика мамандығының студенттерімен қатар Абай атындағы ҚазҰПУ білім алушылары да ерекше атсалысты. Шалғайдағы Моңғолиядан, республика жоғары оқу орындарының студенттері де қатысып, өздерінің ой-пайымдауларын, тәуелсіздік кезеңіндегі зерделеулерге қатысты пікірлерін ортаға салды. Тағылымды кешке студенттердің ата-аналары да қатысып, өздерінің ойларын жеткізді.

Кештің құрметті қонағы, филология ғылымдарының докторы, профессор Күләш Ахмет «Үш бәйтеректің» ғұмырнамасы мен зерттелуіне қатысты құнды ойларын ортаға салды, арыстарымыздың өмір сүрген кезеңіндегі айтыс-тартыстардың себебіне үңілді, зұлмат жылдардағы қолдан жасалған қысастықтардың зардабының ұлтымызға қаншалықты қасірет алып келгеніне назар аударды. Ақтаңдақтар ақиқатын ашуға жастардың да қосар үлес-салмағы болатынына сенім білдірді.

Кеш соңында филология факультетінің ұлағатты ұстазы, «Көкжиек» клубының жетекшісі Ләйла Мұсалы өзінің лебізін білдіріп, ұйымдастырушылар мен қонақтарға алғысын жеткізді. Қатысушылар да бұл шаардан үлкен әсер алғанын жеткізді.

Арайлым САҒИДАНОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 3 курс студенті
Шоқан ШОРТАНБАЙ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің аға оқытушысы

ӘДЕБИЕТ ЖАЙЛЫ КЕШ

Жақсы адамдар өмірге табындыру үшін, Өлген соң сағындыру үшін келеді.

Халық даналығы

Жастар сарайы. ҚР енбек сіңірген қайраткері Назымбек МОЛДАХМЕТОВ Молдабекұлын еске алу кеші. Сахнаға кешті жүргізуші Жасұлан Айсағали шығып «Назымбек туған жерін қатты жақсы көретін, қай концертті болмасын «Ауылым» әнін репертуарына қосып, «шырқататын дегенде» еріксіз ризашылық мақтаныш сезімі жүрегінді тебіренетеді екен.

«Ер туған жеріне...» деген сөз осыдан туған шығар, «Туған жерім – Қайыңдым!» деп жұдырықтай жүрегіммен ауылына ән арнап, туған жері мен елін сүйіп өткен аяулы перзентке Қайыңды ауылы туған елі атынан неге естелік жазбасқа деп қолыма қалам алдым.

Өмір мен өнер, теория мен нақты іс үнемі өсіп-өркендеп жататын қозғалыстағы дүниелер.

Дүниеде қисапсыз, біз жете біле бермейтін кәсіп көп. Алайда, соның ішінде өнер адамы болу-жаратылыстың ерекше сыйы. Басқа кәсіптер адам сезімін бейнелеп бере алмасы керек, ал өнер ше...Өнер адамының өмірі кіл бір сағынулар мен аңсаулар,кездесулер мен қоштасулар,қуанулар мен күрсінудер,жабығулар мен жалындаулар секілді бір ұғымның аясына сыймай асыптасып жататын стихиялардан тұрады.Өнерлі бол,өң бойына осынша сезім,пайым,танымның жинақталуы да бір Алладан ғой.Өнер деген құдіретті сезініп,түйсініп,жазу үшін де ,ең алдымен ,өзің де осындай қасиеттің иесі болуың керек. «Талантты тану үшін де талант керек» деген сөз осы мақсатта айтылса керек.

Молдахметов Назымбек Молдабекұлы – өнер кеңістігінде өз биігі мен өнер қолтаңбасын қалдырған, уақыттың өзі тудырған тұлға.Өнердегі әділдік пен тазалықтың,сұлулық пен мөлдірліктің жақтаушысы болған азамат.Олай дейтінім ауыл әкімі Балтабек Құрманбайұлы қызмет атқарған кезде, Қайыңды ауылдық Мәдениет үйі жөндеуден өтіп, жаңартылып қайта іске қосылу мерекесінде Балтабек ағайдың бас-тамасымен Назымбекке хабарласып ауыл қуанышына

ат салысуға шақырғанда, ел азаматы өнерпаз филормония ұжымымен келіп,концерт беріп,халқын қуантып алғысын алып кетіп еді.

Одан кейін де Қайыңды ауылының 60 жылдық мерейтойына арнайы келіп,өнерлі бауырларымен жанұялық ансамбль той шымылдығын ашып,туған жер төсін әнге,күйге белегені халық есінде.

«Бір тал кессең,он тал ек...» деген ұстанымды мақсат еткен азаматтымыз туған жерге тал егейін көгерсін, көктесін деген ниетпен сансыз ағаш түптерін беріп, игі ауылымызда атқарылып жатқан істерге де қолдау көрсеткені есімде.

Өнердің құдыреті мен сиқырлы күй әлемін жан-тәнімен нәзік жүрегімен түсінетін өнер иесінің концерт беруге келгенде «Күй құдырет, шіркін,өнердің ең асылы ғой» дегені бар еді.Ол кісінің жүріс-тұрысынан сұлулықты,адалдықты,тазалықты сүйетіні көрініп тұратын.

Кештің шымылдығын Т.Молдағалиевтің сөзіне жазылған Н.Тілендиевтің «Құстар» әнімен жапқанда орынынан тұрып тағзым еткен әріптестері,көрермендер көз жастарын жасыра алмады.Қимас дос,құрметті әріптес,өнерлі өрен,аяулы перзент,адал жар,асқар әке,қамқор бауыр «туған жерге сыймай кетіп барады...» деп егіліп тұрды бәрі.

Кеш бітпідалаға шықтық басқалар байқады ма білмедім Аллаға аян табиғатта Назымбектей ұлын жоқтап көз жасын төгіп тұрды.

Ұлтжанды азамат төккен тері мен жасаған еңбегінің жемісін көріп,қызығына бөленер шағында,ұстаздық ой мен парасаттың кемел биігіне көтерілген кезеңінде өмірден өткенін өкінішпен әрі сағынышпен еске аламыз.

Алдың жарық болсын аяулы азамат!

Мерей ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
*мәдениет үйінің қызметкері,
Ақтобе облысы, Мұғалжар ауданы,
Қайыңды ауылы*

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ

Жаңа әліпбиге көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарланып отыр.Бүгінгі таңда латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа жетілдірілген нұсқасы жарық көрді. Жетілдірілген әліпбиде әріп саны-31,қазақ тілінің 28 дыбысы қамтылған.Бұл- қазақ тілінің жазу дәстүрінде орныққан «бір дыбыс-бір әріп» принципіне толық сәйкес келеді. Қазақ әліпбиінің жаңа жетілдірілген нұсқасы мен латын графикасына көшу барысындағы мәселелер туралы оқымандарға толық ақпарат беру мақсатында Ақтөбе облысы, Алға аудандық орталық кітапханада ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

Онлайн жобасымен өткен сұқбатқа Ақтөбе облысы Тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді оқыту орталығының әдіскері Ақмарал Сүгірбаева шақырылды. Сұқбат барысында Ақмарал Сағынбайқызы өзіне қойылған сұрақтарға нақты дәлелдермен түрлі мысалдар келтіре отырып жауап берді. Қызығушылық

танытқан оқырмандарға өз бетінше сауаттануға болатын мүмкіндіктерді көрсетті. Мысалы ұлттық порталынан арнайы жасалған мультимедиялық құралдарды, әліпбидің электронды түрде дыбысталатын нұсқасын қарауға кеңес берді. Сонымен қатар болашақта компьютердің пернетақтасында болатын өзгерістер мен жетілдірілген нұсқаның бұған дейінгі нұсқалардан тиімділігі тіл тазалығының сақталғандығында екендігін атап айтты.

Кітапхана оқырмандарына арнап жасалған «Латын әліпбиіне көшу-қазақ тілінің жаңа белесі» атты кітап көрмесіне қойылған ғалымдардың қазақ әліпбиінің жаңа үлгісін жасаудағы атқарылған жұмыстары мен пікірлері жарық көрген журналдар,өзге тілден енген сөздерді таңбалау мәселелері туралы мақалалар, көмекші құралдар оқырмандарға таныстырды.

Қазақ жазуының латын графикасына көшуі-Тәуелсіздігіміздің, ұлттық жаңғыруымыздың белгісі болатыны сөзсіз.

Бану ДЕМЕСИНОВА,
*Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі,
Ақтөбе облысы, Алға ауданы*